

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 12 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Азық-түлік бағасының күннен күнге қымбаттауы ел ішінде анық сезіле бастағаны ешкімге жасырын емес. Қазір халық көкейіндегі **ең өзекті сұрақтардың бірі - әрине, қымбатшылық**. Әсіресе, азық-түлік бағасы. Тек ресми статистикаға сүйенсек, бағаның өсуі 25%-дан асып отыр. Ал өңірлерде бағаның шынайы көрінісі ресми статистикада айтылған сандардан әжептәуір алшақ кеткендігі туралы «RESPUBLICA» партиясының өкілдері елді аралағанда көп айтылған мәселенің бірі болды.

Өзімізге белгілі, Мемлекет басшысы Үкіметке инфляцияны **2 есеге** төмендету міндетін қойды. Шын мәнінде біздің фермерлеріміз азық-түлікті жеткілікті көлемде өндіру мүмкіндігіне ие, ол өнімнің бағасына тікелей әсер ете алады. Алайда, біздің ауыл шаруашылығындағы техникалардың әбден тозығы жетіп, ескіргендігі және заманауи талаптарға сай келмейтіндігі фермерлеріміздің қолын байлап отыр деуге болады.

Дана қазақ, «Ескіні жамасаң есің кетеді» деген, шаруалардың ескі техникасы көктемгі дала жұмыстары немесе күзде егін жинау науқаны қызып жатқанда сынып қалады да, қосалқы бөлшектерін әкеліп, жөндейміз дегенше біраз уақыты кетеді. Жұмыстың тоқтауы өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер етеді. Өйткені қосалқы бөлшек те, кеткен уақыт та диканға шашетектен шығын.

Атап айтқанда, **техниканың 80%-ы 10 жылдан** көп уақыт қолданыста. Ал осы ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін мыңдаған отандастарымыз нақты қолдауға мұқтаж. Осы орайда, ағымдағы техниканың

лизинг мөлшерлемесі - **20% болуы** - аталмыш мәселені шеше алмайды. Бұл - тым көп. Оны кем дегенде **6%-ға** түсіру қажет.

Осыған байланысты, арнайы бағдарламаларды әзірлеушілер болып табылатын барлық құзыретті органдар мен ұйымдарға ауыл шаруашылығы техникасының **жеңілдікті лизинг** бағдарламасын жедел іске қосу қажет деп санаймыз. Болмаған жағдайда, бұл мәселе егін науқанына да кедергі болады, және бағаның тұрақталуына да кері әсерін тигізеді.

Диқан жерін анасындай сүйсе, жер диқанға баласындай иіледі, сондықтан шаруаларға қолда тұрған барлық жағдайлар мен мүмкіншілікті жасауымыз қажет.

Депутаттық сауалға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен, «RESPUBLICA»
партиясы фракциясының
депутаттары**

Жеке мандатты

**О. Құспеков
Р. Берденов
А. Қожаназаров
Д. Наумова
Н. Тау
Д. Шүкіжанова
Д. Мұқаев**

Орынд. К.Алпысбаева
Тел. 746201